

Өмір КӨРІПҰЛЫ

1. Қара пима

Мал көзеп, ауыл шеті шықтым қырға,
Шашылып жатыр бұйым ой мен қырда.
Ескірген киім-кешек, ыдыс-аяқ,
Жабысып жүргізбейді аяғыңа.

Жүн-жұрқа, бос бөтелке, темір-терсек,
Керексіз үй жиһазы, көрпе-төсек.
Іш киім, сырт киімнің не бір түрі,
Сан жетпес кептігіне жетпес есеп.


Пендеміз дүние деп аласұрған,
Қарпимыз қарызданып жаңасынан.
Ескіргенді құртуға асығамыз,
Айырған жаңа үлгі жарасымнан.

Дүние, қызыл түлкі жеткізбедің,
Соны «аулаумен» өтті ғой көп күндерің.
Қызылға ентелеген сол, шіркіндер,
Өзінің сезер ме екен ескіргенін?

Көнергенді далаға шашып тастап,
Несімен алар екен өзін ақтап?
Жер-Ананың бетіне шіркеу салып,
«Мен-мен» деп езеурейді «өңшең тақ-тақ».

Шама жоқ жөнге салар сынап елді,
Қалшыып бір орында тұра бердім.
Шашылған ескі-құсқы арасынан,
Қос пима ереуілдеп шыға келді.

Кезінде бұл пимаңыз пұлды болған,
Бүгінде кәдеге аспай жұртта қалған.
Өткен күннің елесі ойға оралып,
Қозғалып кете барды іштегі арман.



Өлеңнің де киесі болады. Оған қисынсыз ұрынсаң назасына қаласың. "Шөп те өлең, шөңге де өлеңнің" заманы өткен. Әйтсе де, поэзия жанры бүгінде про-

задан ұзаңқырап кетті. Ықшам, шымыр жазылатын өлеңнің бағасы өсті. Айтыс өнері алға озды. Сол себептен де, бәзбірде өлеңге қол артамын. Прозаға сыймаған ойымды жыр жолына түсіремін. Естелік өлең жазуды ойластырып жүрмін. Мына екі өлеңде прозаның салқыны бар. Шұбалаңқылау. Балалық шақтағы бастан өткен "тәтті тіршілікті" қысқа қайыруға қолым бармады. Алыстағы қойлы ауылдардың орталығы Айшырақта (Жаңаарқа ауданындағы "Ақтау" ауылының құрамында) жеті жылдық мектепте интернатта жатып оқыған кезім есімнен еш кетпейді. Сталин дүниеден өтіп, Совет халқы қара қабақтау жүрген кез болатын. Біздер, балалар да жетімсіреп қалғанбыз. Бір жолы (күз айында) Жаңаарқа аудандық партия комитетінің хатшысы Кәмали ДҮЙСЕНБЕКОВ интернатқа келіп жағдайымызды көріп-білді. Мына жыр жолдары сол жылдардың айнақатесіз көрінісі. «Қара пима» оқиғасы да еш қоспасыз шындық.

Автор.

Сәлімжан - Берді шалдың жалғыз ұлы,
Қарны тоқ, киім бүтін түспес қыры.
Киеді ол қос пиманы қосарынан,
Бай баласы сияқты қимылы ірі.

Қолыңнан түсіп кетсе күл-парша боп,
Көк тиын, сірә, оның қалмас құны.

Бугандай нықтап айтты белді бекем.

Пияла белмемізге тұрақтады,
Мәрттігім достарыма ұнап қалды.
Түтіндеген жаяу шам жөнге келіп,
Көзін ашып, жарқырап, парлап жанды.


Ұрлап кетіп жүрер деп тауып алып,
Есікті отырамыз жауып алып.
Өлімжеттік жасайды ересектер,
Кетеді шарай көзге тартып алып.

Өрі тарт, бері тартқа сала беріп,
Пияла қаусап тынды бордай бөжіп.
Ақынсымақ балалар жоқтау айтты,
Қадіріне сан жетпес баға беріп.

Болмады пияласыз шамның мәні,
Будақтап кермек түтін оңдырмады.
Қара күйе мұрынға орнап тынды,
Көңіл олқы, ісіміз мандымады.

Өзгелер бізді мошқап, табалады,
Ерте деп бұл жетістік саған әлі.
Ғайыптан орнына кеп пияла шам,
Сәттілік ойда жоқта бола қалды.

Ауданнан «Үлкен кісі» бізге келіп,



Жатамыз интернатта қырықбала,
Ризамыз «партияға» болған пана.
Пәстігі көңіліңнің ғайып болар,
Сабақтан «жақсы» деген алсаң баға.

Оқудан басқа ештеңе ойламаймыз,
Доп қуып, асық атып ойнамаймыз.
Әйткенмен, қарын орта, көңіл жарым,
Сырт көзге байқатпаймыз, жаймалаймыз.

Мен де сол интернаттың бозымы едім,
Азабын сағыныштың көріп едім.
Оқыдық, білім алдық, өмір көрдік,
Емес пе, заман сыйы соның өзі!

Еске сап, ескі пима өткен шақты,
Келтірді қапелімде көзге жасты.
Шынығып, шымырланып өстік біздер,
Елемей еңселеткен зіл салмақты.

Киеміз керзі етік, өңсіз киім,
Сол олжа дейміз іштей алсақ білім.
Аспазшы өлшеп берер қара нанды,
Аш құрсаққа талғажау елтеп жұғын.

Еті бар кеспе көже түсте ішкен,
Өбі-тәбі қара нан шикі піскен.
Ел қонып ішімізге жан шақырып,
Сабаққа ентелейміз жігер-күшпен.

Қи да жоқ пешке жағар, отын тапшы,
Жас талдың қызуынан не шықпақшы?
Бөлме салқын, көңіл пәс, қарын орта,
Аңсаймыз көмейлетер ақ тоқашты.

Осы еді енді бізге жетпей қалған,
Шұлғау дымқыл жайғанмен кеппей қалған.
Амалсыз Сәлімжанға асыламын,
Қарайлас маған деймін бір пимаңнан.

Жүргені тоқ пейілде алшаң басып,
Сырғытпалап, сырттайды бізден қашып.
Қайтеді ол қойшы-қолаң балаларын,
Бозөкпе болбыр-босаң, өңшең жасық?

Досымның өңі салқын, беті қатты,
Келіскісі келмейді шайқап басты.
«Пиманың ақысына не бересің?»
Дегенде алға тарттым түскі асты.

Сабаққа қара пима киіп бардым,
Сыр ашпай достарыма тұйықталдым.
«Сашокдос» бұл пимасын қалай қиды?!»
Дегенде құпиямды бүгіп қалдым.

Пиманың ақысы ғой тұсалғаным,
Түскі аста кеспе көже іше алмадым.
Аш қарынды жұбаттым қара нанмен,
Бой жылынбай дірдектеп, күш алмадым.

Өкисің, ғұмыр озып, өтсе жалған.
Жылдарды арман етіп артта қалған.
Қозғады қара пима мұң-шерімді,
Естелік еске түсті есте қалған.

Боқтықта ескі пима қала берді,
Демесін сол болды ғой бала кезгі
Өлеңмен еске алып, өрнектедім,
Тартуым осы болсын оған енді.

2. Пияла шам

*(Қоғам қайраткері, майдангер,
абыз ағамыз Кәмәли ДҮЙСЕНБЕКОВКЕ
арнаймын)*

Кезінде пұлды болды пияла шам,
Шам табылмас ол кезде бұдан асар.
Пілте шам, тас шамды да көзім көрді,
Кәдімгі карбид еді ісі нашар.

«Жаяу шам» делінеді мұның бәрі,
Түсінік қалып қойған ұғымдағы.
Самала жарығы мол пияла шам -
Қолға түсе бермейтін бұрындары.

Бүйірлі, іші қуыс жұқа шыны,
Белгілі ұстағанға оның сыры.

Жаяу шам жер маймен де жана берер,
Мұрынды қара күйе қаба берер.
Кигізгенде шамға әкеп пияланы,
Жарқырап үйдің іші сала берер.



Тынысың қапелімде ашылады,
Пияладан жалқын нұр шашылады.
Шешей алып қолына ұршық, шүйке,
Ал, әкем тері ұқалап отырады.

Сол сәтте марқаямын көңіл өсіп,
Қиялым қанаттанар кітап оқып.
Пияла шам ілуде бір үйде бар,
«Жоққа жүйрік жетпейді» деген осы.

Оқу жылы басталар күз келеді,
Сабаққа қамданамыз біздер енді.
Қайран ауыл қиянда қала берер,
Сағыныштан сарғаяр күн келеді.

Құтты қоныс - ауылдан жырақтайсың,
Амалсыз интернатқа тұрақтайсың.
Өбі-тәбі қоңторғай күй кешесің,
Өз үйің ағып жатқан бұлақтай-тын.

Бір үйдің ерке өскен жалғыз едім,
Кендікпей тапшылыққа мәңгіремін.
Болғанмен ішім олқы, сыртым бүтін,
Қалыспай қатарымнан тең жүремін.

Оқуға мезгіл таяп аттанарда,
Қасақана ойыстым басқа амалға.
Шешеме қисынсыздау талап қойдым,
Елбірек, ерке көңіл тоқталар ма?

Дедім мен «пияланы алып кетем,
Бермесең, шарай көзге қағып кетем».
«Ала ғой» деді апам көңілшексіп,

Ауданнан «Үлкен кісі» бізге келіп,
Интернатты аралап, байқап көріп.
Жарық жайын тәптіштеп сұрап жатты,
Жаяу шамның түтінін көзбен көріп.

Бір бала «пияламыз болған» деді,
«Сындырдық, түсіріп ап қолдан» деді.
«Үйінен мынау алып келіп еді,
Шаққа шыдап жүр өзі зордан» деді.

Жайымды декей бастық сұрап-білді,
Мал-майда жылы сөзі ұнап тұрды.
Интернаттың бастығы мені мақтап,
«Ақын бала» дегенге құлақ түрді.

Сұстылау көрініп тұр оның түсі,
«Жүре ғой» деді маған әлгі кісі.
Батырдай алқам-салқам, кесек тұлға,
Тасқындаған бойында жігер-күші.

Томпаңдап, соңынан мен еріп келем,
Аз-аздап қиялыма ерік берем.
Ақын болмай, қойшы боп қалсам, егер,
Мына адамның бет-жүзін қайтып керем?

Өп-сәтте бір пияла қолға тиді,
Сұраумен салмақсалып, зорға тиді.
«Айналайын, жақсы есі!» деді маған,
Еңсеріліп ұзын бой басын иді.

Содан бері арада кеп жыл өтті,
Тәуелсіз заман орнап, теңдік жетті.
Тоқсанында топшысы бүгілмеген,
Тау қыраны Көмекең асыл текті.

Жаны жайсаң, кең пейіл ағалар-ай,
Ақ тілегін арнаған алаламай,
Пияланы ырымдап, жолымды ашқан.
Ардагер ардакүрең - Нар ағам-ай!

